

Сабақтың тақырыбы:

**« Математикалық
сандық» ойыны.**

Түрі: Топтық сайыс сағаты.

Сабақтың мақсаты:

- 1) Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп есте сақтау қабілетін шыңдау, оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру.
- 2) Оқушыларды шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

ТИП: ОЙЫН ТҮРІНДЕ

Жоспары:

- * 1.Топтың өзін таныстыруы, амандасу рәсімі
- * 2.Бәйге (логикалық есептер)
- * 3. Математикалық хоккей
- * 4. Кім жылдам.»
- * 5. Минитест
- * 6.а)қысқаша көбейту формуласына есептер
б) жауабын тап

I тур. Таныстыру.

**(Әр команда өздерін
таныстырады)**

III тур «Бәйге»

(Әр топ 1 минут ішінде 13 сұраққа жауап беру керек. Егер жауабын білмесеніңдер «келесі» деп жауап бересіңдер)

*** I топқа:**

- 1. Өздеріңіз оқып отырған «Алгебра» кітабының авторы?**
- 2. 7 майшам жанып тұр, 4-уін сөндірсек неше майшам қалады?**
- 3. Алманың жартысы неге ұқсайды?**
- 4. Үш сызықтан пайда болған фигура?**
- 5. $1/10$ санының кері саны?**
- 6. Бес жарым таяқтың неше ұшы бар?**
- 7. $y=x^3$ функциясының графигі.**
- 8. Жарты түзу.**
- 9. Ақиқаттығы дәлелдеусіз қабылданатын сөйлем**
- 10. Қай ыдыстан тамақ ішуге болмайды.**
- 11. Тік бұрыштан кіші бұрыш**
- 12. 225 нешенің квадраты**
- 13. Бір шоколадты 100 теңгеге сатып аламыз. 1,5 шоколадты неше теңгеге сатып алуға болады.**

*** II топқа:**

- 1. Шаманың 1/100 бөлігі**
- 2. $y=x^2$ функциясының графигі.**
- 3. Шеңбер сызуға арналған құрал**
- 4. Үстелде 3 стақан сүт бар. Алмаз бір стақан сүтті ішіп қойды. Үстелде неше стақан бар?**
- 5. Нанды үш бөлікке бөлу үшін, нанды неше рет кесу керек?**
- 6. Геометрияның жазықтықтағы денені зерттейтін бөлімі**
- 7. Торда 4 қоян бар. 4 бала 4 қоянды әкетті, ал бір қоян торда қалды. Неге?**
- 8. Көпмүшенің барлық қабырғаларының қосындысы**
- 9. Анықтамасыз қабылданатын ұғымдар.**
- 10. Қабырғалары толықтауыш сәулелер болатын бұрыш**
- 11. 86 санын еш амал қолданбай 12-ге арттыр.**
- 12. Ең үлкен хорда.**
- 13. 35 -тің квадраты**

III тур. Математикалық хоккей.

Әр топқа бірдей есеп беріледі, әр топтан бір-бірден кезекпен оқушылар шығып бір ғана амалды орындап отырады.

(43·19-26928 : 33)(16112 : 53-304)

IV тур.

«Кім
жылдам?»»

Геометриялық
фигуралардың
аттарын табу.

- * 1. апрцетяи
- * 2. еңшбре
- * 3. шұбршұы
- * 4трұбышрөт
- * 5. рвадкат

V минутест.

1. 10100 саны

A. миллион

B. Триллион

C. Мыңдық

2. Чебурашка дүкеннен 7 бірдей дәптер сатып алды. Неше теңге төледі?

A. 2000т

B. 3070т

C. 1540 т

3. «Пропорция» грек тілінен аударғанда нені білдіреді?

A. теңдік

B. әдемілік

C. музыка

4. Ең кіші жай сан

A. 0

B. 1

C. 2

VI «ЖАУАБЫН ТАП»

(қысқаша көбейту формуласына есептер шығару)

1 топ:

* 1) $(5b-4x)(5b+4x)$

* 2) $(2x-y)^2$

* 3) $(x-1)(x+1)$

2 топ:

* 1) $(3y+5)(3y-5)$

* 2) $(x+2)(x^2 - 2x + 4)$

* 3) $(x+4)^2$

VII ТАПҚЫРЛАР ТОБЫНА:

Есептердің жауабына сәйкес кестені толтырса,
ұлы ғалымдардың аты шығады

Д. $0,25+0,46$

А. $13,123+5,024$

М. $38,4+2,06778$

Х. $0,83+1,6079$

Р. $5,607-0,193$

И. $9,004+13,8$

Е. $47,749-0,251$

Р. $15,4+0,2$

Е. $9,003+0,25$

З. $8,224-6,43$

Х. $47,793-0,254$

И. $6,221+0,24$

М. $9,02+6,04$

О. $7,921-4,71$

VII. Қорытынды.

Қорытынды шығару үшін сөз кезегін әділ-қазыларға береміз. Жеңімпаздар марапатталады.